



Смартфон ұялы телефондары

Ұялы телефон — радиожелі арқылы байланыс жасауға арналған құрал. Тарихы 1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландтықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, _____ «қоңырау» деген мағына береді.

Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр

- Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабсқа Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын.

- Сол уақыттары Нью-Йорк әлемдегі ұялы байланыстың базалық станциялары орнатылған әлемдегі жалғыз нүкте болды, төрт жылдан соң Чикагода 2000 абоненттік тәжірибелік ұялы желі құрылды. Ал 1979 жылы бұл өнертапқыштық жаңалыққа Күншығыс елі зор қызығушылық білдіріп, 88 базалық станциядан тұратын алғашқы ұялы байланыстың қызметін бастады. Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда.

Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне айналды.

● Түрлері

Ұялы телефондарды мынадай түрлерге бөлуге болады:

Жай ұялы телефон/смартфон

Ұялы бейнетелефон

Пішініне қарай: моноблокты, жайылмалы, сырмалы, т. б.

Жай ұялы телефонда қоңырау шалу/қабылдау, SMS, соңғы кездері фото/бейнекамера, саз, флеш-жад, Интернет, MMS, Bluetooth, IrDA деген сияқты функциялары бар. Бұл қатар уақыт өткен сайын көбейіп барады.

- Смартфон (ағылш. smart — білімді, ақылыды) құрылымы жағынан компьютерге ұқсас болып келеді. Оның ішіндегі функциялар бағдарлама ретінде жасалынған, ал олар смартфонның амалдық жүйесінде істейді. Мұнымен қатар өз бағдарламаларыңызды қосуға болады. Мысалы ойындар, ойнатқыш, шолғыш т.с.с. Сол себепті смартфон жай ұялы телефонға қарағанда күрделі, функциялары кеңейтілетін құрылғы. Бейнетелефонда ұялы телефонның бейнекамерасы мен бейнебет арқылы бірін бірі көріп сөйлесуге болады.




Ұялы телефон туралы қызықты 7 дерек

- ➔ 1.«Смартфон» термині тұңғыш рет Ericsson компаниясының 2000 жылы Ericsson R380s жаңа телефонын жарнамалау кезінде шыққан. Құрылғы Symbian OS v5.1 басқаруында жұмыс істеді және ашып-жабылатын қақпағы бар монохром сенсор экраны болған.
- ➔ 2. Қазіргі заманның қайсыбір смартфонның, оның ішінде сіздің смартфонңыздың мүмкіндігі NASA-ның «Аполлон» бағдарламасының аясында адамды Ай бетіне қондыруға қатысты есептеулері мен басқаруына қажетті мүмкіндігі бар барлық компьютердің қуатынан асып түседі.
- ➔ 3. Жапонияда телефондардың 90 пайызы су өтпейтін корпусымен шығады, себебі жапон жастары жуыну бөлмесіне кірерде де ұялы телефонын тастамайды.
- ➔ 4. Ұялы телефонды жоғалтып аламын деп немесе байланыстан үзілемін деп қорку номофобия деп аталады. Бұл термин 2010 жылы қолданушылардың ұялы байланысқа деген әдеттеріне арналған зерттеуде пайда болды. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы ұялы телефонын жоғалтса, қуаты біте бастаса немесе баланста қаражат жоқ болса, тіпті болмаса байланысқа шықпай тұрса уайымдайтынын мойындаған.



- 5. Әлемде ең табысты телефон Nokia 1101. 2003 жылы шыққан сәттен бастап 250 миллион құрылғы сатылды, бұл ұялы телефондар ішінде ғана емес, жалпы электронды гаджеттер арасында да рекорд саналады. Қазіргі таңда бұл модель өндірілмейді.
- 6. 2013 жылы БҰҰ-ның жарияланған баяндамасына сәйкес, ұялы телефонды қолданушылардың саны дәретханасы бар адамдарға қарағанда көбірек екен. Жеті миллиард адамның алты миллиарды ұялы телефон ұстайды, тек 4,5 миллиард адам ғана санитарлық-гигиеналық жағдайда өмір сүреді.
- 7. Ұялы телефонды лақтыру - Финляндия, Бельгия және тағы кейбір елдерде кең таралған спорт түрі саналады. 2014 жылы өткізілген кезекті әлем чемпионатында осы спорт түрінен әлем рекорды жаңартылды - 110,42 метр.



- Ұялы телефонның пайдасы Ұялы телофондардың артықшылығы: Әр адам және кез келген уақытында пайдалана алады. Яғни, әр түрлі жағдайда адаммен хабарласа алады. Екіншіден, ол өте кішігірім болып келгендіктен, күнделікті өмір де өзінізбен ұстай аласыз. Сабақта және жұмыста кез келген жерде қолдана отырып, интернет желісіне қосылып, керекті мәліметтерді табуға болады. Көзді ашып жұмғанда лезде керекті  мәліметтер табыла қояды. Суреттер мен құжаттарды алыс – алыс жерлерге жіберуге де болады.
-

- Заман ағымына қарай бүгінде екі адамның бірінде ұялы телефонның жүргені белгілі. Рас, оның ішінде не керектің бәрі бар. Мәселен: сағат, күнтізбе, есептеуіш, сурет пен видеоға түсіру, есте сақтау, қалаған өлеңді жазып алу, тыңдау және басқасы. Шынымен қазір осы бір кішкентай заттың көмегінсіз ешнәрсе шеше алмайсыз. Ең кішісі, керек адамыңызды да қаланы шарламай-ақ, осының көмегімен тауып аласыз.

- Ұялы телефонның зияны Ұялы телофондардың кемшілігі Ең бастысы адам денсаулығына зиян болып келеді де, көптеген аурулар пайда болады. Осымен қатар, сіз ұялы телофондарға тәуелдісіз.



- Ұялы телефон адам ағзасына зиян. Бірақ, адамдар ұялы телефонның пайдалану ережелерін сақтаса, оның адам ағзасына әсер ететін зияны төмен болуы мүмкін деген болжамға келдім. Ұялы телефонды мектеп ішінде қолдану ережесі бар екенінде ұмытпайық. Әсіресе жоғары сынып оқушылары көп қолданады. Бізге апайымыз ережелерді үнемі еске салып, ата – аналарымға ескертіп тұрады. Осы ережелерді ұстансақ, денсаулығымызға да, сабағымызға да кедергі болмайды деп ойлаймын. Жастарды ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет – журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық – зомбылыққа, қылмысқа, жыныстық бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандырып отыру керек.

«Сенсорлы смартфондар адам миын өзгертеді»

- Смартфондар миымыздың формасы мен функцияларын өзгерте алады. Бұған Швейцария ғалымдары зерттеу нәтижелері арқылы көз жеткізді. Сарапшылар сенсорлы телефондарды күнделікті қолданатын адамдардың соматосенсорлы қабаты ұлғайғандығын анықтады. Бұл - мидың қол саусақтарының қозғалысын бақылайтын бөлігі.
- Швейцариядағы Цюрих университетінің неврологтары ұялы телефонның адам денсаулығына әсерін зерттеп, жеке ұялы гаджетті пайдалануда оған кұлай берілу мидың өзгеруіне әкелетіндігін анықтап отыр.
- Адам миының жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті бұл өзгерістердің созылмалы аурудың пайда болуы мен қозғалтқыш мүшелердің қалыпты жұмысының бұзылуына соқтырады.
- Ғалымдардың пайымдауынша, қарапайым тетіктерге қарағанда тачскриндермен жұмыс қол саусақтарының әлдеқайда күрделі қозғалыстарымен байланысты.
- Сенсорлы экранға жылдам қол тигізу мидың белсенді жұмыс істеуіне әкеледі. Зерттеушілер соматосенсорлы бөліктегі форманың өзгеруі ағзаны шаршататынын ескертіп отыр.

Ұялы телефон біз білгендей қарапайым дүние емес болып шықты. Өзіміз ұстап жүрген ұялы телефонымызды бүге шегесіне дейін білеміз десек, қателесеміз. Себебі олардың біз білмейтін ішкі құпиялары баршылық. Бүгін мен сіздерге ұялы телефонының сіз білмейтін құпиялары туралы кеңес жазамын.

- 1) 112 нөмірін терсеңіз, ол дүние жүзі бойынша тарайды. Бұл шұғыл жағдайда көмекке шақыру нөмірі. Ол нөмір сіз байланыс аясынан тыс жерде болсаңыз да телефоныңыз жабық режимде тұрса да істей береді. Телефоныңыздан 112 нөмірін теріп, байланысқан жағдайда тиісті орган сіздің тұрған жеріңізді сол мезетте ақ анықтап шұғыл шара көрсетеді.
- 2) Кілтiңізді автакөліктің ішінде ұмытып есігі жабылып қалды делік. Егер үйіңізде қосымша кілт болса барып әуре болмайсыз. Үйіңіздегі адамға телефон соғасыз. Ол кілтті қолына алады да телефонның жаңында ұстап басқышын басады. Сол кезде сіздің көлігіңіздің есігі ашылады. Ара қашықтығы қандай болса да бәрібір. Мың шақырым жерде болса да осылай ашып аласыз, тек телефон қоңырауы жетсе блғаны.

- 3) Телефонның ішінде сақтаулы тұратын қосымша қуаты болады. Мысалы сіз қоңырау күтіп тұрсыз. Ал телефонның заряды өшіп қалған. Ондайда телефонның резервтік аккумуляторын қосуға болады. Ол үшін *3370# белгілерін теру керек. Сол сәтте телефоныңызда сақтаулы қосымша қуат іске қосылып елу пайыздық заряд береді. Сіз қалауыңызша пайдалана бересіз. Ал кейін сіз телефоныңызды қуаттағанда резервтік аккумулятор қайта қуаттанады.
- 4) Телефоныңызды ұрлап кеткен жағдайда оны қалай жабық режимге қояды?
- Телефоныңыз жаныңыз да жүргенде оның сериялық нөмірін білу үшін (жұлдызша торша об торша) белгілерін тересіз. Экраныңызға 15 саннан тұратын код шығады. Әр телефонның осы сияқты жеке коды болады. Соны көшіріп алып сақтап қойыңыз. Егер телефон ұрланған жағдайда әлгі кодты операторға хабарлаңыз. Оператор сіздің қолды болғаныңызды жабық режимге салып қояды. Содан кейін оның СИМ картасын ауыстырған күнде де пайдалану мүмкін болмайды. Әрине телефоныңызды қайтара алмайсыз бірақ оны алған адамда пайдаға асыра алмайтынына шүкіршілік етесіз.
- Егер жұрттың барлығы осылай жасаса онда ұялы телефондар ұрлығы өз өзінен тыйылған болар еді. Әттең...



**Назарларыңызға
РАХМЕТ**